

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 27 ақпандағы N 155

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісіне

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасы Үкіметінің арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасына

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасы Үкіметінің арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімге 1996 жылғы 9 желтоқсанда Делиде қол қойылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан аталған Келісімге Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.Есімов қол қойды.

Аталған Келісімнің мақсаты инвестициялар үшін қолайлы жағдайлар туғызу жолымен Қазақстан Республикасы мен Үндістан Республикасының арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайту мен кеңейту және кәсіпкерлік бастамашылықтарды ынталандыру болып табылады.

Оның үстіне, Келісім уағдаласушы тараптардың инвесторларына неғұрлым қолайлы режим ұсынуды, сондай-ақ инвестицияларға қатысты міндеттердің сақталатындығына кепілдік беруді көздейді.

Келісімнің 14-бабына сәйкес ол бекітілуге жатады және бекіту грамоталарын алмасқан күні күшіне енеді.

Заңды қабылдауға байланысты қосымша қаржы шығыстары немесе шығындар талап етілмейді.

Айтылғандарды ескере отырып, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 U952679_ Жарлығына сәйкес Қазақстан

Республикасының Үкіметі Парламент Мәжілісінің қарауына "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасы Үкіметінің арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын ұсынып отыр.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан
Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды
ынталандыру және өзара қорғау туралы келісімді
бекіту туралы

1996 жылғы 9 желтоқсанда Делиде қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Үндістан
Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды
ынталандыру және өзара қорғау туралы

КЕЛІСІМ

Төменде "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі,

Уағдаласушы екі тараптың арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайту және кеңейту ниетімен,

Келісімге сәйкес инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау Уағдаласушы Тараптардың экономикалық дамуына жәрдемдесетінін мойындай отырып,

төмендегі мәселелер туралы уағдаласты:

1-бап

Айқындама

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

(а) "Инвестициялар" - аумағында инвестициялар жүзеге асырылып жатқан Уағдаласушы Тараптың ішкі мемлекеттік заңдарына сәйкес өзгерген түрлерін қоса, белгіленген және алынған активтердің кез-келген түрін білдіреді, атап айтқанда, бірақ

а й р ы қ ш а е м е с :

(I) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, сондай-ақ кепілдік сияқты басқа да құқықтарды, борышты немесе кепілдік еткені үшін мүлікті алып қою құқығын;

(II) компания мен оның акцияларындағы үлестерді және облигациялар мен компанияға қатысудың басқа да осындай түрлерін;

(III) шартқа сәйкес қызметтің нәтижелері бойынша, қаржылық мағынасы бар, ақшалық талаптарды немесе басқа талаптарды;

(IV) белгілі уағдаласушы Тараптың тиісті заңдарына сәйкес парасат меншігінің құқықтарын, "гудвилдерді", техникалық рәсімдер мен нұсқауларды;

(V) мұнай мен басқа да пайдалы қазбаларды барлау мен өндіру жөніндегі концессияны қоса, заңдарда көрсетілген немесе келісімге сәйкес концессияларды;

(в) "Инвестор" - басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында инвестицияларды жүзеге асырушы кез-келген жеке және заңды тұлғаны білдіреді.

(і) "Жеке тұлға" дегеніміз:

Қазақстан Республикасы бойынша, Қазақстан Республикасының азаматтығы немесе бодандығы бар тұлғаны немесе оның заңдарына сәйкес осында орнығып тұрған т ұ л ғ а н ы ;

Үндістан Республикасы бойынша, Үндістанда қолданылатын заңдарға сәйкес, өзінің азаматтық мәртебесі бар тұлғаны білдіреді.

(II) "Заңды тұлға" - екі Уағдаласушы Тараптарға қатысты кез-келген заңды тұлғаны - компанияларды, корпорацияларды, фирмаларды, ассоциацияларды, заңды тұлғаларды немесе құрылтайлық құқығы бар немесе осы Уағдаласушы Тараптың кез-келген бөлігінде оның қолданымдағы заңдарына сәйкес негізделген кәсіпорынды білдіреді.

(с) "Инвестициялардың кірістері" - капитал өсімінің кірістері, дивидендтер, роялтилер немесе комиссиялар сияқты, инвестициялардың нәтижесінде алынған ақшалай сомаларды білдіреді.

(d) "Аумақ": Уағдаласушы Тараптың, оның аумақтық сулары мен оның үстіндегі әуе кеңістігін қамтитын, мемлекеттік аумағын және Уағдаласушы Тарап оның қолданымдағы заңдарына және, Біріккен Ұлттар Ұйымының Теңіз құқығы туралы 1982 жылғы Конвенциясы қамтитын, халықаралық құқықтарға сәйкес егемендігін, егеменді құқықтарын немесе айрықша пәрменділігін жүзеге асыратын, басқа да теңіз аймақтарын білдіреді.

(е) Аумағында инвестициялар жүзеге асырылған Уағдаласушы Тараптың заңдарына және басқа нормативтік актілеріне сәйкес жол берілуі мүмкін, инвестициялар түрлерінің өзгеруі олардың сипатын айтарлықтай өзгертпейді.

2 - б а п

Келісімнің қолданылу ауқымы

Осы Келісім кез-келген Уағдаласушы Тараптың инвесторлары басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында жүзеге асырған, оның осы Келісімнің күшіне енуінен бұрын немесе кейін жүзеге асырылуына қарамастан, оның заңдары мен нормативтік актілеріне сәйкес деп қабылданған барлық инвестицияларға қолданылады.

3 - б а п

Инвестицияларды ынталандыру және қорғау

(1) Әрбір Уағдаласушы Тарап оның аумағында инвестициялар жүзеге асырылуы үшін басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторларын ынталандырып, қолайлы жағдайлар жасайды және мұндай инвестицияларға өз заңдарына және саясатына сәйкес рұқсат етеді.

(2) Әрбір Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестициялары мен инвестициялардан алынатын табыстарына басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында әділетті және тең еркіндік беріледі.

4 - б а п

Ұлттық тәртіп және барынша қолайлылық тәртібі

(1) Әрбір Уағдаласушы Тарап басқа Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларына, оның өз инвесторларының инвестицияларына немесе кез келген үшінші мемлекет инвесторларының инвестицияларына берілетін еркіндіктен қолайлылығы кем емес еркіндік береді.

(2) Одан басқа, әрбір Уағдаласушы Тарап өзге Уағдаласушы Тараптың инвесторларына, оның ішінде олардың инвестицияларына байланысты табыстар бойынша, кез-келген үшінші мемлекеттің инвесторларына берілетін еркіндіктен қолайлылығы кем емес саналатын еркіндік береді.

(3) 1 және 2 параграфтардың Ережелері басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторларына кез-келген тәртіптің артықшылығын:

(а) өмірдегі және келешектегі кез-келген кедендік одақтан, немесе ол қатысушы болып табылатын, осындай халықаралық келісімнен: немесе

(в) толық немесе көпшілік бөлігі салық салуға қатысты, кез-келген мәселелерден туындайтын артықшылық немесе айрықшалық құқықтарын таратуға бір Уағдаласушы Тарапты міндеттейтіндей тұрғыдан түсіндірілуі мүмкін емес.

5 - б а п Э к с п р о п р и а ц и я

(1) Қандай да бір Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестициялары басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында, национализациялауға, экспроприациялауға немесе, әңгіме кемсітушіліксіз заңға және тең де әділетті өтемақыға сәйкес қоғамдық мүдделер туралы болған жағдайдан басқа, нәтижелері национализациялаумен және экспроприациялаумен (бұдан әрі - экспроприация) бара-бар болатын шаралардың әрекетіне жатқызылмайды. Мұндай өтемақы экспроприацияның дәл алдында немесе алдағы экспроприациялау фактісі жария етілгенге дейін, бұл оқиғалардың қайсысы бұрын болғанына қарамастан, экспроприацияланатын инвестициялардың нақты құнының сомасына теңелуге, төлем мерзіміне дейінгі әділетті де тең ставка бойына проценттерді қамтуға тиіс, негізі жоқ кідіріссіз төленеді, оның төленімі іс жүзінде орындалатын және төлем сомасы еркін алмасылатын болуға тиіс.

(2) Мүддесіне зиян келтірілген инвестор экспроприация жүргізуші Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес, осы Тараптың сот және басқа органы арқылы өзінің немесе оның жағдайын, өзінің немесе оның инвестицияларының құнын осы параграфта баяндалған қағидаттарға сәйкес қайта қарауға құқықты. Экспроприациялауды жүргізуші Уағдаласушы Тарап мұндай қайта қараудың дереу жүргізілуін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолданады.

(3) Егер Уағдаласушы Тарап оның аумағының кез-келген бөлігінде әрекет етуші, заңды тұлғаның құқығын пайдаланатын немесе заңға сәйкес құрылған компанияның активтерін экспроприациялайтын жағдайда және онда басқа Уағдаласушы Тарап

инвесторларының акциялары бар болса, ол олардың инвестицияларына қатысты әділетті де тең өтемақылардың осы акциялардың иесі болып табылатын басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторларына қамтамасыз етілуі үшін қажетті шектерде осы баптың параграфы (1) ережелерінің қолданылуын қамтамасыз етеді.

6 - б а п Зиянның орнын толтыру

Уағдаласушы Тараптың инвесторларына басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында соғыстың немесе өзгедей қараулы қақтығыстың, мемлекетте жарияланған төтенше жағдай ахуалының немесе екінші Уағдаласушы Тараптың аумағындағы азаматтық берекесіздіктердің салдарынан зиян келтірілген болса, екінші Уағдаласушы Тарап реституция, зиянның орнын толтыру немесе өзгеше реттеу жайында - екінші Уағдаласушы Тарап өзінің меншікті инвесторларына немесе кез-келген үшінші мемлекеттің инвесторларына жасағанынан қолайлылығы кем емес жағдай жасайды. Бұған байланысты төлемдер еркін аударылымды болуға тиіс.

7 - б а п

Инвестицияларды және олардың кірістерін қайтару

Әрбір Уағдаласушы Тарап басқа Уағдаласушы Тарап инвесторларының, оның аумағындағы инвестицияларға байланысты барлық қаржыларын, инвестордың салық салуға байланысты міндеттемелерін орындауына қарай, негізі жоқ кідіріссіз және кемсітушіліксіз негізде еркін аударуға рұқсат етеді. Мұндай қаржыларға:

(а) Капиталды және капиталдың инвестицияларды ұстау және ұлғайту үшін пайдаланылатын қосымша сомаларды;

(в) Дивиденттер мен олардың иелігіндегі акциялардың санына тең проценттерді қамтитын, таза операциялық кірістерді;

(с) Кез-келген заемды, инвестицияларға байланысты ол бойынша проценттерді қоса ж а б у д ы ;

(d) Роялтиді және инвестицияларға байланысты қызметтердің ақысын төлеуді;

(е) Олардың акцияларын сатудың ұтымпылын;

(f) Инвесторлардың сату немесе ішінара сату немесе жою жағдайында алған ұ т ы м п ұ л д а р ы н ы ң с о м а с ы н ;

(g) Басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында инвестицияларға байланысты жұмыс істейтін, басқа Уағдаласушы Тарапқа тиесілі азаматтардың жұмыс ақыларын қамтуы м ү м к і н ;

(2) Осы баптың (1) параграфы ережелерінің бір де бірі, осы Келісімнің 6 бабына

сәйкес, кез-келген өтемақыны аударуға ықпал етпейді.

3. Егер Тараптар арасында өзгеше келісім болмаса, валюталық аударым осы баптың (1) параграфына сәйкес алғашқы инвестициялардың валютасымен немесе кез-келген алмастырымды валютамен жүзеге асырылады. Мұндай аударым аударым жасалған күнгі қолданымдағы нарықтық алмастыру бағамы бойынша жүргізіледі.

8 - б а п С у б р о г а ц и я

Егер Уағдаласушы Тараптардың бірі немесе ол тағайындаған орган Уағдаласушы Тараптың аумағындағы оның кез-келген инвесторлары тарапынан жасалған инвестицияларға қатысты коммерциялық емес тәуекелдіктердің орнын толтыруға кепілдік етсе және олардың шағымдарына қатысты осындай инвесторларға осы Келісімге сәйкес төлемдер жасаған болса, басқа Уағдаласушы Тарап бірінші Уағдаласушы Тараптың немесе ол тағайындаған органның суброгацияның күшіне сай құқықтарды жүзеге асыруға және бұл инвесторларға талаптар қоюға құқықты екендігіне келісім береді. Суброгацияланған құқықтар немесе талаптар мұндай инвесторлардың алғашқы құқықтарынан немесе талаптарынан аспауға тиіс.

9 - б а п Инвесторлар мен Уағдаласушы Тараптар арасындағы дауларды шешу

(1) Бір Уағдаласушы Тарап пен басқа Уағдаласушы Тараптың арасындағы біріншісінің инвестицияларына қатысты кез-келген дау осы келісімге сәйкес, мүмкін болғанынша, дауға қатысушы тараптар арасында келіссөздер жүргізу жолымен өзара мәміле бойынша шешіледі.

(2) Алты айға созылған кезеңнің ішінде өзара келісім жолымен шешілген, кез-келген мұндай дау, екі Тараптың келісуі бойынша:

(a) Инвестицияларды жүзеге асыруға рұқсат берген Уағдаласушы Тараптың заңдарына сәйкес шешу үшін, осы Уағдаласушы Тараптың құзыретті сот немесе әкімшілік органдарына; немесе

(b) Халықаралық келістіру рәсімі үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық Сауда Заңдары жөніндегі комиссиясына берілуі мүмкін;

(3) Егер Тараптар осы баптың 2 параграфында көзделген, дауды шешудің рәсіміне келіспеген жағдайда немесе дау келістіру рәсімі үшін беріліп, келістіру шарасы дауды шешу туралы келісімге қол қоюдан басқаша аяқталса, даулы мәселелер төрелік талқылау үшін табыс етілуі мүмкін. Төрелік талқылаудың рәсімі мынадай:

(a) Егер инвестордың Уағдаласушы Тарабы да, басқа Уағдаласушы Тарап та 1965

жылғы мемлекеттердің және басқа мемлекеттер азаматтарының арасындағы инвестицияларға байланысты дауларды шешу жөніндегі Конвенцияға мүше болып саналса және инвестор Инвестицияға Байланысты Дауларды Шешу жөніндегі Халықаралық Орталықтың қарауына дауды тапсыруға түрде келісім берген болса, мұндай дау орталықтың қарауына беріледі; немесе

(b) Егер дауға қатысушы екі жақ келістіру рәсімін жүргізу, төрелік талқылау жөніндегі қосымша қараудың және фактілерді анықтап, оларға баға беру рәсімінің кезінде осындай келісім берсе; немесе

(c) Әрбір жеке жағдайда құрылған төрелік сот жағдайында, дауға қатысушы тараптардың бірі 1976 жылғы Халықаралық Сауда Заңдары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының төрелік талқысының Ережелеріне сәйкес мынандай өзгертулерді сақтай
о т ы р ы п :

(i) Ережелердің 7 бабына сәйкес тағайындауды жүргізетін тұлға Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болып табылмайтын Төраға, төрағаның орынбасары немесе Халықаралық Соттың дәрежесі бойынша келесі судья саналады. Үшінші төреші Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болмауға тиіс.

(ii) Тараптар екі айдың ішінде өз төрешілерін тағайындайды.

(iii) Төрелік шешім осы баптың ережелеріне сәйкес енгізіледі.

(iv) Төрелік сот өз шешімдерінің негіздемесін растайды және кез-келген тараптың өтініші бойынша түсінік береді.

1 0 - б а п

Уағдаласушы Тараптар арасындағы дауларды шешу

(1) Уағдаласушы Тараптар арасындағы, осы келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты, даулар мүмкін болғанынша, келіссөздер жолымен шешіледі.

(2) Егер Уағдаласушы Тараптар арасындағы дау осындай жолмен даулы мәселе пайда болғаннан кейін алты ай бойы шешілмеген болса, ол Уағдаласушы Тараптардың бірінің өтініші бойынша төрелік сотқа беріледі.

(3) Кез-келген жеке жағдайда мұндай төрелік сот мынадай тәртіппен тағайындалады. Төрелік талқылау жүргізу туралы өтініш алынғаннан кейін Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы екі айдың ішінде алқаға бір-бір мүшеден сайлайды. Осы екі мүше бұдан соң үшінші мемлекеттің азаматын таңдап алады, ол екі Уағдаласушы Тараптың мақұлдауы бойынша соттың төрағасы болып тағайындалады. Төраға басқа екі мүше тағайындалған күннен бастап екі айдың ішінде тағайындалады.

(4) Осы баптың параграфында (3) көрсетілген уақыттың кезеңінде қажетті тағайындаулар жүргізілмесе, кез-келген басқа келісім болмаса, кез-келген Уағдаласушы Тарап, Халықаралық Соттың төрағасын осындай тағайындау жасауға шақыра алады. Егер төраға Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болып табылса

немесе басқа де себептерге байланысты жоғарыда аталған міндетті атқара алмайтын болса, қажетті тағайындаулар жүргізу үшін төрағаның орынбасары шақырылады. Егер төраға орынбасары Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болып табылса немесе ол да жоғарыда аталған міндетті орындай алмайтын болса, онда қажет тағайындауларды жүргізу үшін, Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болып табылмайтын, Халықаралық Соттың лауазымы жөнінен келесі мәселесі шақырылады.

(5) Төрелік сот өз шешімін көпшілік дауыспен қабылдайды. Мұндай шешімдердің екі Уағдаласушы Тарабы үшін міндетті күші бар. Әрбір Уағдаласушы Тарап өзіне тиесілі сот мүшесінің жұмысына және оның төрелік соттағы өкілеттігіне байланысты шығындарды көтереді, ал қалған шығындарды екі Уағдаласушы Тарап тең бөліп көтереді. Алайда сот өзінің шешімімен екі Уағдаласушы Тараптың бірі шығындардың көпшілік бөлігін өтейді деп көрсетуі мүмкін, ал мұндай шешім екі Уағдаласушы Тарап үшін міндетті болады. Төрелік сот өзіне лайықты жұмыс тәртібін белгілейді.

1 1 - б а п

Ұжым мүшелерінің келуі және тұруы

Уағдаласушы Тарап оның мүшесі болып табылмайтын адамдардың келуіне және тұруына қатысты қолданымдағы өз заңдарына және құқықтық нормаларға сәйкес, басқа Уағдаласушы Тараптың жеке тұлғаларына және басқа Уағдаласушы Тараптың заңды тұлғалары қатарына жататын тұлғаларға инвестицияларға байланысты қызметпен айналысу мақсатында оның аумағына келуге және онда тұруға рұқсат береді.

1 2 - б а п

Қолданылатын құқықтық нормалар

(1) Осы келісімде өзгеше көзделген жағдайлардан басқа барлық инвестициялар осындай инвестициялар жүзеге асырылатын Уағдаласушы Тараптың аумағында қолданылатын заңдармен реттеледі.

(2) Осы баптың 1 параграфының ережесіне қарамастан қолданушы Уағдаласушы Тараптың өз қауіпсіздігінің негізгі мүдделерін қорғау жөнінде немесе оның заңдарына сәйкес өте қажетті болған жағдайларда тиісті шаралар қолдануына, әдетте кемсітушіліксіз негіздегі қалыпты шаралар қолдануына ештеңе бөгет жасамайды.

1 3 - б а п

Басқа нормалардың қолданылуы

Егер Уағдаласушы Тараптардың бірінің заң нормалары немесе

халықаралық құқыққа сәйкес қолданылып келген немесе осы келісімге қосымша Уағдаласушы Тараптар арасында кейінірек орнатылуға тиісті міндеттемелер, олардың ортақтығына немесе тікелей қатыстығына қарамастан, басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторлары жағынан осы келісімде көзделген жағдайға қарағанда неғұрлым қолайлы жағдай туғызатын болса, мұндай нормалар неғұрлым қолайлы жағдайлармен осы келісімнің ережелерінен басым болады.

14-бап

Күшіне ену, күшін сақтау мерзімі және әрекет мерзімінің тоқтатылуы

(1) Осы келісім бекітуге жатады және бекіту грамоталары алмасылған күні күшіне енеді.

(2) Осы келісім күшіне енгеннен соң ұзақтығы 10 (он) жыл бойында күшінде болады және осы баптың параграфына (6) сәйкес оның әрекеті тоқтатылғанша өз күшін сақтайды.

(3) Осы келісім ережелері ол күшіне енген сәттен бастап, 1991 жылдың 16 желтоқсанынан бастап жүзеге асырылған инвестицияларға қолданылады.

(4) Осы келісімнің әрекет мерзімі тоқтатылғанына қарамастан, осы келісімнің әрекет мерзімі тоқталған сәтке дейін жүзеге асырылған немесе сатып алынған инвестицияларға қатысты оның әрекет мерзімі тоқтатылған сәттен бастап, ұзақтығы он жылдық келесі кезең бойынша өз күшін сақтайды.

(5) Осы келісімге ол күшіне енген соң кез-келген уақытта Уағдаласушы Тараптардың хат жүзіндегі өзара келісімімен түзетулер енгізілуі мүмкін.

(6) Келісім әрекетінің ұзақтығы тоғыз айлық немесе одан көп кезеңі өткеннен кейін Уағдаласушы Тараптардың кез-келгені өзінің келісімінің әрекетін тоқтату ниеті туралы жазбаша түрде басқа Уағдаласушы Тарапты хабардар ете алады. Келісімнің әрекеті жазбаша

хабар алынған сәттен бастап бір жылдың бойында тоқтатылады.

Осыны растап өз үкіметтері осы мақсат үшін тиісті дәрежеде тағайындаған өкілдері осы келісімге қол қойды.

1996 жылғы желтоқсан айының 9 күні қазақ, хинди, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, бұл орайда барлық мәтіндердің

атқарушы директоры

С.М.Қанапияновқа

9. Балама жобалардың болуы Жок
10. Заң жобасының Қазақстан Республикасының Парламентіне тапсырылған күні
11. Парламенттің заң жобасын бірінші оқылымда қараған күні және оның нәтижелері
12. Жобаны пысықтау және оны екінші оқылымға әзірлеу тапсырылған бас комитет (комиссия), басқа орган
13. Заң жобасын халықтық талқылауға ұсыну және оның мерзімі Ұсынылған жоқ
14. Комитеттің заң жобасы жөніндегі қорытындысы (екінші оқылымның алдында)
15. Заң жобасын Парламенттің екінші оқылымда қарауы және оның нәтижесі
16. Заңның күшіне ену уақыты
17. Басқа да белгілер